

2006 жылға арналған облыстық бюджет туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 19/347 шешімі.
Маңғыстау облыстық әділет Департаментінде 2006 жылғы 28 желтоқсанда N 1962 тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" заңдарына, облыстық мәслихаттың "Облыстық бюджет және аудандар мен қалалардың бюджеттері арасындағы 2005-2007 жылдарға арналған жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемдері туралы" әділет департаментінде 2004 жылдың 22 желтоқсанында N 1804 тіркелген, 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 8/127 шешіміне сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** :

1. 2007 жылға арналған облыстық бюджет 1-қосымшаға сәйкес мына көлемде б е к і т і л с і н :

1) кірістер - 51 834 932 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер бойынша - 30 601 321 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша - 40 777 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 28 440 мың теңге;
трансферттер түсімдері бойынша - 21 164 394 мың теңге;

2) шығындар - 51 483 740 мың теңге;

3) операциялық сальдо - 351 192 мың теңге;

4) таза бюджеттік кредит беру - 95 508 мың теңге, соның ішінде:
бюджеттік кредиттер - 600 000 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу - 695 508 мың теңге;

5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 545 330 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 578 330 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 33 000 мың теңге;

6) бюджет тапшылығы - 98 630 мың теңге;

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 98 630 мың теңге.

Ескерту: жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 20/352 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 15 маусымдағы N 24/401 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 25/410 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихаттың 2007 жылғы N 2/15 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 3/23 шешімімен.

2. 2007 жылға қалалар мен аудандар бюджетіне кірістерді бөлу нормативтері мынадай көлемде белгіленсін:

1) Төлем көзінен ұсталатын кірістен алынатын жеке табыс салығы:

Бейнеу ауданына	-	100 пайыз;	<*>
алынып тасталды	;		<*>
алынып тасталды	;		<*>
Түпқараған ауданына	-	65,4 пайыз;	<*>
алынып тасталды	;		
Жаңаөзен қаласына	-	13,9 пайыз;	<*>
Ақтау қаласына	-	6,1 пайыз;	<*>

Ескерту: өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 20/352 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 15 маусымдағы N 24/401 шешімімен, өзгертілді және толықтырылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 25/410 шешімімен, өзгеріс енгізілді- Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 8 қазандағы N 2/15 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 3/23 ш е ш і м і м е н .

2) Төлем көзінен ұсталмайтын кірістен алынатын жеке табыс салығы:

Бейнеу ауданына	-	100 пайыз;	
Қарақия ауданына	-	100 пайыз;	
алынып тасталды	;		
Түпқараған ауданына	-	100 пайыз;	
алынып тасталды	;		
Жаңаөзен қаласына	-	100 пайыз.	

3) Қызметін біржолғы талондар бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы:

Бейнеу, Қарақия, Түпқараған аудандарына, Ақтау және Жаңаөзен қалаларына және Жаңаөзен қаласына - 100 пайыз.

Ескерту: өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 15 маусымдағы N 24/401 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 3/23 шешімімен.

4) Әлеуметтік салық:

Бейнеу ауданына	-	100 пайыз;	<*>
алынып тасталды	;		
алынып тасталды	;		<*>
Түпқараған ауданына	-	65,4 пайыз;	<*>
алынып тасталды	;		
Жаңаөзен қаласына	-	14,9 пайыз.	<*>
Ақтау қаласына	-	8,9 пайыз.	<*>

Ескерту: өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 20/352 шешімімен, толықтырылды және өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 25/410 шешімімен, өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 8 қазандағы N 2/15 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 3/23 шешімімен.

3. 2007 жылға төменгі сатыдағы бюджеттерден облыстық бюджетке 8 381 092 мың теңге сомасында бюджеттік алымдар белгіленсін, оның ішінде: <*>

Бейнеу ауданы - 106 399 мың теңге;
Қарақия ауданы - 6 153 705 мың теңге; <*>
Түпқараған ауданы - 1 267 537 мың теңге.
Ақтау қаласы - 853 451 мың теңге. <*>

Ескерту: толықтыру енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 15 маусымдағы N 24/401 шешімімен, өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 25/410 шешімімен, өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 8 қазандағы N 2/15 шешімімен.

4. 2007 жылға арналған облыстық бюджеттен Маңғыстау ауданының бюджетіне берілетін субвенция көлемі 175 475 мың теңге және Мұнайлы ауданына - 769 563 мың теңге сомасында қарастырылсын. <*>

Ескерту: толықтыру енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 15 маусымдағы N 24/401 шешімімен, өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 8 қазандағы N 2/15 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 3/23 шешімімен.

5. Республикалық бюджетке аударылуға жататын бюджеттік алулар 24 436 744 мың теңге сомасында облыстық бюджеттен жүзеге асырылатыны қаперге алынсын.

6. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілерге жатпайтын қызметкерлерінің және қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көбейтуге республикалық бюджеттен 2 831 552 мың теңге сомасындағы ағымдағы нысаналы трансферттер қарастырылғаны ескерілсін.

Көрсетілген соманың бөлінуі облыстық бюджет, аудандар мен қалалардың бюджеттері кесіндісінде 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

6-1. Облыстық бюджетте 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық жеке тұлғалар үшін табыс салығының 10 % тіркелген ставкасын енгізуге және салық салу кезінде кірістен айлық көрсеткіштің орнына жалақының ең төменгі мөлшерін табыстан алып тастауға байланысты бюджетке түсетін түсімдердің шығасыларын өтеуге республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер қарастырылғаны ескерілсін.

6-2. Облыстық бюджетте Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005

-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 403 722 мың теңге сомасында республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

3 862 мың теңге - арнаулы (түзету) білім беру ұйымдарын арнайы техникалық және орнын толтырушы құралдармен қамтамасыз етуге;

144 524 мың теңге - жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің үлгілік штаттарын ұстауды қамтамасыз етуге;

108 205 мың теңге - жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға;

2 736 мың теңге - балаларды тестілеу пункттеріне жеткізуге, онда тамақтандыруға және онда тұруын ұйымдастыруға;

8 518 мың теңге - жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерді Интернетке қосуға және трафиктің ақысын төлеуге;

12 689 мың теңге - жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің кітапхана қорларын жаңарту үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер сатып алуға және ж е т к і з у г е ;

3 078 мың теңге - орта білім беретін мемлекеттік ұйымдардың кітапхана қорларын жаңарту үшін мемлекеттік тілді үйрену жөнінде оқу, анықтамалық және электрондық әдебиеттерді сатып алуға және жеткізуге;

94 331 мың теңге - жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға;

17 881 мың теңге - кәсіптік бастауыш білім беретін мемлекеттік мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

3 898 мың теңге - облыстық (қалалық) педагогика кадрларының біліктілігін арттыру институттарында педагогика қызметкерлерін қайта даярлауға және олардың біліктілігін а р т т ы р у ғ а ;

4 000 мың теңге - облыстық (қалалық) педагогика кадрларының біліктілігін арттыру институттарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

21 516 мың теңге - жалпы орта білім берудің мемлекеттік жүйесіне интерактивті оқыту жүйесін енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер;

Аталған сомаларды бөлу облыстық бюджет және аудандар мен қалалардың бюджеттері ауқымында 8-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Ескерту: толықтырулар енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 25/410 шешімімен.

6-3. Облыстық бюджетте республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 1 188 185 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт қаралғаны ескерілсін, оның ішінде:

796 мың теңге - мемлекеттік тапсырыс шеңберінде кәсіптік орта білім беру ұйымдарында оқыту және қосымша оқуға қабылдау құнының ұлғаюы жөніндегі

шығыстарды

өтеуге ;

15 466 мың теңге - медицина кадрларының, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлердің біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға;

49 540 мың теңге - созылмалы ауруларды амбулаториялық емдеу кезінде диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерді дәрілік заттармен қамтамасыз етуге ;

3 190 мың теңге - азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық емдеу деңгейінде жеңілдікті жағдайларда дәрілік заттармен қамтамасыз етуге;

214 582 мың теңге - облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығының материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

86 659 мың теңге - бастапқы медициналық-санитарлық көмектің медициналық ұйымдарын штаттық нормативтерге сәйкес медицина кадрларымен жасақтауға және жалпы практика дәрігерлері жүйесін дамытуға;

2 604 мың теңге - құрылатын ақпараттық-талдау орталығының қызметін қамтамасыз етуге ;

718 мың теңге - шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерді сатып алуға ;

20 588 мың теңге - 5 жасқа дейінгі балаларды амбулаторлық емдеу деңгейінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге ;

20 237 мың теңге - жүкті әйелдерді құрамында темір және йоды бар препараттармен қамтамасыз етуге ;

101 613 мың теңге - азаматтардың жекелеген санаттарын профилактикалық медициналық тексеруді жүзеге асыруға ;

622 192 мың теңге - жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға.

6-4. Облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферт келесі мөлшерде қарастырылғаны ескерілсін:

320 мың теңге - жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға;

190 592 мың теңге - дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа иммунобиологиялық препараттарды алуға, оның ішінде:

35 430 мың теңге - халыққа иммунды алдын алуды жүргізу үшін вакциналар мен басқа медициналық иммунобиологиялық препараттарды сатып алуға;

69 475 мың теңге - туберкулезге қарсы препараттарды сатып алуға;

40 284 мың теңге - диабетке қарсы препараттарды сатып алуға;

15 510 мың теңге - онкологиялық ауруларға химиялық препараттарды сатып алуға;

29 893 мың теңге - бүйрегі жетімсіз ауруларға дәрілік заттарды, диализаторларды, шығыс материалдарын және бүйрегі трансплантацияланғаннан кейінгі аурулар үшін дәрілік заттарды сатып алуға ;

6 858 мың теңге - ЖКТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі

іс - шараларды іске асыруға;

34 753 мың теңге - қан орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыруға;

13 777 мың теңге - көші-қон полициясының 2006 жылы бөлінген қосымша штат санын ұстауға.

6-5. Облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттің мына мөлшерде қарастырылғаны ескерілсін:

58 929 мың теңге -жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитын студенттерге стипендиялар төлеуге;

11 815 мың теңге - жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитындар үшін жол жүруге өтемақылар;

17 003 мың теңге - мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызметтер көрсетуіне;

460 мың теңге - қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік жағынан қорғалатын азаматтардың телефон үшін абоненттік төлем тарифтерінің көтерілуін өтеуге; <*>

185 000 мың теңге - облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі жөндеуге. <*>

Аталған сомаларды бөлу облыстық бюджет және аудандар мен қалалардың бюджеттері ауқымында 9-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

6-6. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен облыстық бюджетке, аудандыр мен қалалардың бюджеттеріне сәулет және қала салу қызметінің, ауыл шаруашылығы және жер қатынастарын басқару мәселелерін мемлекеттік реттеу саласында өкілеттікті беруге байланысты штаттық санның лимитін арттыруға 22 159 мың теңге сомасындағы ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасы қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

6 756 мың теңге - сәулет-құрылыс бақылау мәселелері бойынша мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді шектеу шеңберінде берілетін әкімшілік функцияларға;

8 410 мың теңге - жер қатынастары мәселелері бойынша мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді шектеу шеңберінде берілетін әкімшілік функцияларға;

6 993 мың теңге - ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді шектеу шеңберінде берілетін әкімшілік функцияларға;

Аталған сомаларды бөлу облыстық бюджет және аудандар мен қалалардың бюджеттері ауқымында 10-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

6-7. Облыстық бюджетте ауыл шаруашылығын дамытуға ағымдағы нысаналы трансферт сомасы 54 432 мың теңге қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

24 420 мың теңге - асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға;

3 600 мың теңге - өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар материалдар мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын басымдықты дақылдар бойынша;

2 875 мың теңге - ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға;

23 537 мың теңге - ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық жүйелерінен ауыз су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға.

6-8. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға және нығайтуға республикалық бюджеттен 1 083 644 мың теңге сомасындағы дамуға арналған нысаналы трансферттер қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

127 454 мың теңге - Маңғыстау ауданының Сайөтес кентінде 4 жанама салынған оқу үй-жайымен 392 орындық мектеп салуға;

298 923 мың теңге - Теңге кентінде 624 орындық орта мектеп салуға;

201 380 мың теңге - Жаңаөзен қаласының "Рахат-2" шағынауданында 960 орындық орта мектеп салуға;

234 187 мың теңге - Қарақия ауданының Жетібай ауылында 100 төсектік аудандық аурухана салуға;

114 000 мың теңге - Қарақия ауданының Жетібай ауылында ауысымында 150 адам қабылдайтын 50 төсектік күндізгі стационары бар емхана салуға;

107 700 мың теңге - Түпқараған ауданының Форт-Шевченко қаласында 30 төсектік туберкулез ауруханасын салуға;

6-9. Облыстық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферт қарастырылғаны ескерілсін:

150 000 мың теңге - Ақтау қаласында ақыл-есі кем балаларға арналған 210 орындық интернат үйін салуға;

216 366 мың теңге - "Тұщықұдық - Шебір" автожолының құрылысына; <*>

алынып тастады.

Ескерту: толықтырулар енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 15 маусымдағы N 24/401 шешімімен.

6-10. Облыстық бюджетте республикалық бюджеттен даму нысаналы трансферт қарастырылғаны ескерілсін:

1 515 000 мың теңге - инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға;

624 415 мың теңге - сумен жабдықтау жүйесін дамытуға. <*>

55 198 мың теңге - электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамытуға;

847 080 мың теңге - білім беру объектілерін дамытуға; <*>

Аталған сомаларды бөлу облыстық бюджет және аудандар мен қалалардың бюджеттері ауқымында 11-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

6-11. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан республикасындағы тұрғын үй салудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шегінде сыйақының нөлдік мөлшерлемесі (мүддесі) бойынша тұрғын үй салу үшін республикалық бюджеттен сомасы 250 000 мың теңге қарастырылғаны ескерілсін.

2007 жылға арналған облыстық бюджетте Ақтау қаласының бюджетінен бұрын бөлінген сыйақының нөлдік мөлшерлемесі (мүддесі) бойынша тұрғын үй салу үшін 550 000 мың теңге сомасында қарызды өтеу қарастырылғаны ескерілсін.

Көрсетілген қаражаттар 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан республикасындағы тұрғын үй салудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шегінде сыйақының нөлдік мөлшерлемесі (мүддесі) бойынша тұрғын үй салу үшін аудандар мен қалалардың бюджеттерін несиелендіруге жолдансын.

Аталған сомаларды бөлу облыстық бюджет және аудандар мен қалалардың бюджеттері ауқымында 12-қосымшаға сәйкес жүргізіледі. <*>

Ескерту: толықтырылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 20/352 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 15 маусымдағы N 24/401 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 3/23 шешімімен.

7. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте қалалар мен аудандардың бюджетіне облыстық бюджеттің қаражаты есебінен мына көлемдегі ағымдағы нысаналы трансферттер қарастырылғаны ескерілсін:

4 860 мың теңге - Қазақстан Республикасына квотадан тыс көшіп келген оралмандарға өтемақы төлеуге. <*>

Жоғарыда көрсетілген қаражат оралмандарға бір отбасына 50 еселік айлық есептік көрсеткіш есебінен бөлінетіні ескерілсін;

1 291 мың теңге - Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына біржолғы жәрдем төлеуге. <*>

Әрбір Ұлы Отан соғысының қатысушысы мен мүгедегіне 30 000 теңге есебімен қаражаттың көзделгені ескерілсін;

4 949 мың теңге - үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық-қамтамасыз етуді төлеуге; <*>

11 490 мың теңге - кәсіпкерлік қызметті қолдау үшін;

28 170 мың теңге - мемлекеттік жалпы білім беру ұйымдарын күрделі жөндеуге; <*>

>

122 663 мың теңге - мемлекеттік жалпы білім беру ұйымдарын

материалдық-техникалық базасын нығайтуға; <*>

128 362 мың теңге - автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін; <*>

52 708 мың теңге - 1 сыныптардың оқушыларына арналған "Мектеп сүті" Бағдарламасының пилоттық жобасын іске асыруға;

42 741 мың теңге - облыстың жалпы білім беретін мектеп түлектерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоғарғы оқу орындарындағы оқу ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмек төлеуге; <*>

23 500 мың теңге - жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің кітапхана қорларын жаңарту үшін оқулық пен оқу-әдістемелік кешенін сатып алуға және жеткізуге; <*>

14 785 мың теңге - Ауғанстандағы жауынгерлік іс-әрекеттері үшін интернационал-қатысушыларға және Чернобыль АЭС апатының зардабын жоюға қатысқандарға біржолғы көмек төлеуге; <*>

28 591 мың теңге - 2007 жылғы 1 қыркүйекте жалпы білім беру ұйымдарына 1 сыныпқа баратын балаларға арналған бір үлгідегі мектеп формасымен қамтамасыз етуге. <*>

Көрсетілген сомаларды бөлу аудандар мен қалалар бюджеттері кесіндісінде 6-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. <*>

Ескерту: толықтыру және өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 20/352 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 15 маусымдағы N 24/401 шешімімен, өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 8 қазандағы N 2/15 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 3/23 шешімімен.

8. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте аудандардың бюджеттеріне дамуға облыстық бюджеттің қаражаты есебінен нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін:

37 915 мың теңге - сумен жабдықтау жүйесін дамытуға; <*>

100 748 мың теңге - жылуэнергетикалық жүйені дамытуға. <*>

"160 000 мың теңге - білім беру объектілерін салуға және қайта жаңартуға". <*>

Көрсетілген сомаларды бөлу аудандар бюджеттері кесіндісінде 7-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту: толықтырылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 15 маусымдағы N 24/401 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 3/23 шешімімен.

9. "Облыстық бюджетте елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеуге төмендегі бюджеттерге ағымдағы нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін, атап айтқанда:

Мұнайлы ауданына - 14 840 мың теңге; <*>

Түпқараған ауданына - 9 000 мың теңге".

Ескерту: жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 15

маусымдағы N 24/401 шешімімен, өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 8 қазандағы N 2/15 шешімімен.

10. Маңғыстау облысында тұратын және республикалық емдеу-алдын-алу орталықтарына кеңес алуға, тексеріп байқауға және емделуге жіберілетін азаматтардың облыс әкімияты қаулысымен бекітілген Тәртіпке сәйкес тегін және жеңілдікпен жол жүріне ;

қуаттандыратын ем үшін облыстық туберкулезге қарсы "Тұщыбек" санаторийіне және республикалық туберкулезге қарсы санаторийлерге жіберілетін туберкулезбен науқастанғандардың облыс әкімияты қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес тегін және жеңілдікпен жол жүріне ;

ауылдық елді мекендерде тұрып, жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына, сондай-ақ, қалалық үлгідегі кенттерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға 5000 теңге көлемінде ;

денсаулық сақтау саласының медициналық қызметкерлеріне облыс әкімияты қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес жолсапарлық сипаттағы жұмысына байланысты қоғамдық көлікке көлік шығындарының орнын толтыруға;

сырт көмекке зәру жалғыздікті мүгедектерге күтім бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша үстемақыға құқық берілсін.

нан-бөлке өнімдеріне бағаның өсуіне байланысты жекелеген санаттағы азаматтарға 2007 жылдың 1 қазанынан бастап айсайынғы жәрдемақы төлеуге; <*>

Ескерту: толықтырылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 8 қазандағы N 2/15 шешімімен.

11. Ауылдық елді мекендерде, сонымен қатар, қалалардың әкімшілік бағыныштылық аумағында орналаспаған поселкелерде жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына 25% көтеріңкі жалақы және тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

12. Облыс әкімдігінің резерві 100 936 мың теңге сомасында бекітілсін. <*>

Ескерту: өзгертілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 8 қазандағы N 2/15 шешімімен, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 3/23 шешімімен.

13. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған облыстық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. 2007 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылу процесінде секвестрге жатпайтын бюджеттік бағдарламалар тізбесі 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Сан	Сын	Ішк Сын	Атауы	Сомасы, мың тенге
			1.КІРІСТЕР	51 834 932
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	30 601 321
	01		Табыс салығы	9 426 897
		2	Жеке табыс салығы	9 426 897
	03		Әлеуметтік салық	18 466 304
		1	Әлеуметтік салық	18 466 304
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	2 708 120
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 708 120
2			САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	40 777
	01		Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	36 544
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кіріс бөлігінің түсімі	3 760
		3		11 704

			Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер	
		4	Мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер	7 450
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	12 800
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер)	830
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 910
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 910
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 143
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 143
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 180
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 180
3			НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР	28 440
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	28 440
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	28 440
4			ТРАНСФЕРТТЕРДЕН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР	21 164 394
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	8 460 362
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	8 460 362
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	12 704 032
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	12 704 032
Фтоп	Әкімші	Бағ	Атауы	Сомасы, мың тенге
			2. ШЫҒЫНДАР	51 483 740
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету	1 167 876
	110		Облыс мәслихатының аппараты	23 182
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	23 182

	120		Облыс әкімінің аппараты	988 383
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету	806 137
		002	Ақпараттық жүйелер құру	126 246
		117	Концессиялық жобаларды бағалау және сараптау	56 000
	257		Облыстың қаржы департаменті	58 386
		001	Қаржы департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	52 554
		009	Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру	4 512
		010	Коммуналдық меншікке түсетін мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	1 320
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті	97 925
		001	Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	67 925
		002	Ақпараттық жүйелер құру	30 000
02			Қорғаныс	81 939
	250		Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс және авариялар мен табиғи апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	67 249
		001	Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс және авариялар мен табиғи апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	15 276
		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	6 893
		004	Облыстық ауқымдағы азаматтық қорғаныстың іс-шаралары	13 627
		006	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	31 453
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	14 690
		002	Жұмылдыру дайындығы мен төтенше жағдайлардың объектілерін дамыту	14 690
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1 756 206
	252		Облыстың ішкі істер департаменті	1 499 964
		001	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органының қызметін қамтамасыз ету	1 413 581
		002	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	85 583
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	800
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	256 242
		003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	256 242

04			Білім беру	4 437 801
	252		Облыстың ішкі істер департаменті	32 108
		007	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	32 108
	253		Облыстың денсаулық сақтау департаменті	79 243
		002	Орта кәсіптік білімі бар мамандарды даярлау	61 233
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	18 010
	260		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	265 628
		006	Балалар мен жеткіншектерге спорт бойынша қосымша білім беру	265 628
	261		Облыстың білім беру департаменті	1 941 130
		001	Білім беру департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	32 479
		003	Арнайы оқыту бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	177 231
		004	Орта білім жүйесін ақпараттандыру	47 520
		005	Білім берудің мемлекеттік облыстық ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	25 967
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	66 021
		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс шараларды өткізу	134 794
		008	Бастауыш кәсіптік білім беру	268 940
		009	Орта кәсіби білімді мамандар даярлау	406 028
		010	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	66 474
		011	Балалар мен жеткіншектердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	18 612
		012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жеткіншектердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	13 388
		014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттер	26 440
		017	Жалпы орта білім берудің мемлекеттік мекемелерінің үлгі штаттарын ұстауды қамтамасыз етуге аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер	144 524
		018	Жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	108 205
		019	Жалпы орта білім берудің мемлекеттік мекемелерін Интернет желісіне қосуға және олардың трафигін төлеуге аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер	8 269

		020	Жалпы орта білім берудің мемлекеттік мекемелеріне кітапханалық қорларын жаңарту үшін оқулық пен оқу-әдістемелік кешенін сатып алуға және жеткізуге аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер	23 500
		021	Жалпы орта білім берудің мемлекеттік мекемелері үшін лингафондық және мультимедиялық кабинеттер жасауға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер	94 331
		022	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге тамақтануды, тұруды және балаларды тестілеу пункттеріне жеткізуді ұйымдастыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 736
		025	Білім беру саласындағы мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізу	4 960
		026	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне білім беру саласында мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	15 617
		113	Жергілікті бюджеттен трансферттер	232 132
		116	Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту	22 962
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	2 119 692
		004	Білім беру объектілерін салуға және қайта жаңартуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттер	1 007 080
		005	Білім беру объектілерін дамыту	1 112 612
05			Денсаулық сақтау	8 393 774
	253		Облыстың денсаулық сақтау департаменті	6 880 560
		001	Денсаулық сақтау департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	48 781
		004	Бастапқы медициналық-санитарлық көмек және денсаулық сақтау ұйымдары мамандарының жолдамасы бойынша стационарлық медициналық көмек көрсету	2 808 154
		005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қан, оның құрамдас бөліктері мен препараттарын өндіру	136 717
		006	Ана мен баланы қорғау	48 044
